

КАЗАХСТАН СТРЕМИТСЯ СТАТЬ ПОЛНОЦЕННЫМ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИМ ХАБОМ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА. МЫ УВЕРЕННО ДВИЖЕМСЯ В ЭТОМ НАПРАВЛЕНИИ И РАЗВИВАЕМ ЛОГИСТИКУ ВДОЛЬ МЕЖДУНАРОДНЫХ КОРИДОРОВ, РЕАЛИЗУЯ МАСШТАБНЫЕ ИНФРАСТРУКТУРНЫЕ ПРОЕКТЫ, ТАКИЕ КАК СУХИЕ ПОРТЫ В ХОРГОСЕ И СИАНЕ, МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ХАБ В ЛЯНЬЮНЬГАНЕ, МОРСКИЕ ПОРТЫ КУРЫК И АКТАУ. ОТКРЫТИЕ НОВОГО ТЕРМИНАЛА В АЛМАТЫ – ЭТО ЧАСТЬ СТРАТЕГИИ.

Нурлан ЖАКУПОВ,
председатель правления АО «Самрук-Қазына»



№46 (3085)
17/06/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

НА ПОЛЯХ ФОРУМА «ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ – КИТАЙ»

На полях форума «Центральная Азия – Китай» состоялся обмен папками по нескольким стратегическим документам. Подписаны соглашения между портфельными компаниями «Самрук-Қазына», в том числе АО «НК «Қазақстан темір жолы» и ведущими китайскими корпорациями.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Среди основных подписан Меморандум о взаимопонимании между фондом «Самрук-Қазына» и дочерней компанией China Communications Construction Company (CCCC) – China Harbour Engineering Company. Документ направлен на развитие всестороннего сотрудничества в приоритетных для Казахстана направлениях – в области инфраструктуры и энергетики.

Также подписан Меморандум о взаимопонимании между фондом «Самрук-Қазына» и компанией Huawei Technologies Kazakhstan.

Соглашение предполагает стратегическое партнерство в сфере цифровой трансформации, развития телекоммуникационной инфраструктуры и внедрения передовых информационных-коммуникационных технологий.

Кроме того, состоялось подписание трехстороннего Меморандума о сотрудничестве между АО «KTZ Express», XHE Trading Service Group (КНР) и АО «Актауский международный морской торговый порт». Церемония подписания состоялась в присутствии первого заместителя Премьер-министра Республики Казахстан Романа Скляра.

В рамках данного соглашения стороны сосредоточатся на проектах по



развитию терминальных мощностей порта Актау, включая совместные инвестиции в высокотехнологичные STS-краны, что важно для повышения скорости обработки грузов в условиях повышенной ветровой нагрузки. Подписание Меморандума является

логическим продолжением договоренностей, достигнутых в апреле текущего года, и подтверждает важность намерений всех участников по укреплению транзитного потенциала Республики Казахстан.

(Продолжение темы на стр. 3)

ИНВЕСТИЦИЙЛЫҚ ЖОБАЛАР СӨЗ БОЛДЫ



Үкімет басшысы Олжас Бектенов көлік саласындағы ірі инвестициялық жобалар бойынша кеңес өткізіп, Президенттің негізгі көлік жобаларын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмасының орындалу барысын тексерді.

Теміржол көлігі саласында жалпы құны 2,3 трлн теңгені құрайтын бес ірі жоба бар. «Достық – Мойынты» учаскесіндегі (836 км) екінші жолдың құрылысы, Алматы станциясының айналма жолы (75 км), «Дарбаза – Мақтаарал» темір жол желісінің (152 км) құрылысы жүзеге асырылуда. Ал «Қызылжар – Мойынты» учаскесінде жұмыстар басталды. ҚТЖ деректері бойынша бірінші жартыжылдықта аяқталады деп күтілуде. Сондай-ақ, қытаймен үшінші теміржол өткелі болатын «Бақты – Аягөз» (272 км) жобасы бар.

«Достық – Мойынты» және Алматы станциясы айналма жолы жобалары мерзімінен бұрын орындалуда. Сонымен қатар жұмыс теміржол желісінің жекелеген учаскелерін қамтиды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2029 жылға дейін жалпы 11 мың шақырым темір жолды жөндеуден өткізу жоспарлана, биыл жалпы сомасы 177 млрд теңгеге 1 480 шақырым жол жаңғыртылады. Сонымен қатар 2025 жылғы аяқталатын 125 вокзал кешенін реконструкциялау жұмыстары жүргізіледі.

Ал су көлігі саласында Актау портын тереңдету жұмыстарын бастау осы жылдың ішінде айында жоспарлануда. Сонымен қатар 2025 жылы сауда флотын дамыту аясында 8 бірлік кеме, оның ішінде 6 құрғақ жүк кемесі және 2 паром сатып алынады. Премьер-министр жоспарланған барлық жобаны кешенді әрі жүйелі түрде жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Көлік саласы соңғы 5 айда 24% өсімді көрсеткен. Жыын соңында Көлік министрлігіне, «Самұрық-Қазына» қорына және өзге де жауапты ұйымдарға бірқатар тапсырма берілді.

Ұлан ОРАЗ



Ерлан ТҰРСЫНБАЕВ,
Астана локомотив пайдалану
депосының машинист нұсқаушысы:

КОМПАНИЯДА БЕКІТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ КҮН САЙЫН САБАҚ ӨТКІЗЕМІН. БАРЛЫҚ БРИГАДАЛАР АЙЫНА 4 РЕТ ТЕХНИКАЛЫҚ ДӘРІСТЕН ӨТУІ КЕРЕК. БІР САБАҚҚА КЕМ ДЕГЕНДЕ 70 АДАМ ҚАТЫСЫП, ҚАЛҒАНЫ ДА КЕЗЕГІМЕН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ТҮГЕЛ ҚАТЫСЫП ШЫҒУЫ ҚАЖЕТ. СОЛ АЛҒАН БІЛІМІН ТЕКСЕРУ ҮШІН ТОҚСАН САЙЫН СЫНАҚТАН ӨТКІЗЕМІЗ. ОДАН БӨЛЕК ОҚЫС ОҚИҒАЛАР БОЛСА, ОНЫҢ СЕБЕБІН ТАЛДАУ, АНЫҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ БІЛКІТІЛГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ОҚУҒА ЖІБЕРУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРАМЫЗ. ТЕХНИКАЛЫҚ КАБИНЕТТІҢ ЖАРАҚТАНДЫРЫЛУЫ ДА БІЗГЕ ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТІГІ БІРІ



ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ

10 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО
С НАЧАЛА ГОДА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ.

БОЛЕЕ

15 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО
ПОЛОТНА ОБНОВЯТ
В ТЕКУЩЕМ ГОДУ В ВКО.

ВРАЧИ МЕДИЦИНСКОГО
ПОЕЗДА «САЛАМАТТЫ
ҚАЗАҚСТАН» В ЭТОМ СЕЗОНЕ
ОСМОТРЕЛИ ОКОЛО

9 тысяч

КАЗАХСТАНЦЕВ.

Инфрақұрылым

АЛТЫНКӨЛДІ ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ

Алтынкөл – Қазақстанның Қытаймен мемлекетаралық шекаралас түйіспе станциясы. Сондықтан да бұл маңызды торап Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалдауда, сондай-ақ Иран, Парсы шығанағы және Еуропа елдеріне жүк тасымалдауда шешуші рөл атқарады. Осыған орай, Алтынкөл станциясын әрі қарай дамыту жоспарлануда.



Ислам ТАЛФАТ,
Алматы

Атап айтсақ, шекаралық станцияда 2025-2026 жылдары қосымша жолдар мен сұрыптау жүйесін салу жоспарланып отыр. Бұл туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Алматы жүк тасымалы бөлімшесі филиалында Қытаймен шекарадағы негізгі логистикалық хаб – «Алтынкөл» станциясын дамыту мәселелеріне арналған жиында кеңінен сөз болды. Қатысушылар алдын ала жобаны талқылап, ұсыныстарын білдірді. Жобада 1435 мм табаны бойынша (тар табанды) 4 қосымша қабылдау жөнелту жолдарын салу, тартымдық жолдарды салу қарастырылған. Бүгінде бұл мәселеге қатысты ізденіс және жобалау жұмыстары жүргізілуде екен. Ал 1520 мм жол табаны бойынша «Б» жаңа экспорттық паркінің 6 қабылдау-жөнел-

ту жолы төселген, қазіргі таңда жолды түзету және оларды МПЦ жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде.

– Сонымен қатар қуаттылығы төмен дөңесі бар сұрыптау паркін салу жоспарланып отыр. Осыған орай, жобалау жұмыстары басталды. Қазіргі таңда Жетіген – Алтынкөл телімінде ауқымды жұмыстар қолға алынған. Атап айтсақ, 8 бірлік қолданыстағы станциялар мен разъездерді, соның ішінде, Алтынкөл станциясын жаңғырту, бұдан бөлек Жетіген – Құрөзек, Алтынкөл – Интал араларында екінші жолдарды салу қарастырылған. Бұл жолдардың барлығы аяқталғаннан кейін Жетіген – Алтынкөл телімінің өткізу қабілеті 18 жұптан 30 жұп пойызға дейін өсетін болады. Соның ішінде кең табанды жол бойынша Алтынкөл станциясының өткізу қабілеті 18-ден 33 жұпқа дейін, ал тар табанды жол бойынша 20-дан 30 жұп

пойызға дейін артады. Бұл станцияның экспорттық және транзиттік әлеуетін күшейте түседі, – деп станцияның даму жоспарымен бөлісті Алматы жүк тасымалы бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Нұржан Құрманәліұлы.

Жалпы биылғы жылдың бес айында Қазақстанда темір жол бойынша жалпы жүк тасымалы көлемі өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 11,9% өскен. Ал темір жол бойынша жүк айналымы 13,6% артып, 229,4 млрд тонно-километрге жетіп жығылған. Соның ішінде, Алтынкөл арқылы Қазақстан мен Қытай арасындағы тасымал көлемі 14,2 млн тоннаны құрап отыр, бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 11% артық. Ал Алтынкөл арқылы Қазақстаннан Қытайға бағытталған экспортқа келсек, ол 12% өсіп, 9 млн тоннаны құраған.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



УСТРАНИТЬ БАРЬЕРЫ

В 2025 году вступят в силу изменения в Таможенный кодекс Евразийского экономического союза, которые позволят устранить противоречия и административные барьеры для перевозчиков.



Любовь РОВБА,
Астана

Одна из новых глав отменяет необходимость декларирования иностранных контейнеров, которые входят на территорию союза в рамках транспортной операции, и обязанность соблюдать сроки нахождения таких контейнеров на территории союза в пределах 90 дней.

– Отказ от этих требований, с одной стороны, позволит такому контейнеру свободно перемещаться по территории союза в рамках того времени, которое необходимо для совершения той или иной транспортной операции, а с другой – даст возможность использования иностранных контейнеров для внутренних перевозок по территории ЕЭАС. Это поможет повысить конкурентоспособность и снизить

издержки контейнерных операторов, – считает директор по взаимодействию с органами государственной власти и международными организациями АО «ОТЛК ЕРА» Лариса Коршунова.

Так, по ее мнению, у транспортных компаний отпадут производственные расходы, связанные с необходимостью организации сроков нахождения контейнеров.

– Сегодня грузные контейнеры в экспорте периодически отцепляются по причине того, что оказывается, срок временного ввоза истек. В этом и заключаются преинициативы, которые дадут поправки в ТК ЕАЭС, принятия которых мы ожидаем, – говорит Лариса Коршунова.

Действующие в настоящее время правила напрямую затронули интересы совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК

ЕРА» и сказываются на оперативности и экономической эффективности логистических цепочек.

– Именно поэтому компании пришлось активно реагировать на проблему с позицией об экономической нецелесообразности таких ограничений, – отмечает Лариса Коршунова.

Сформировалась широкая коалиция, объединившая транспортные компании, логистических операторов и бизнес-ассоциации и требовавшая корректировки нормативной базы.

Работа над поправками началась уже в феврале 2018 года. На площадке Евразийской экономической комиссии (ЕЭК) была создана рабочая группа, в которую вошли представители таможенных органов стран ЕАЭС, профильных министерств и делового сообщества, сообщает 1520international.

Уже к 2019 году стало ясно, что без внесения изменений в сам Таможенный кодекс проблему не решить.

В 2022 году юристы ЕЭК при участии экспертов от государств и бизнеса сформулировали конкретные изменения в тексте Таможенного кодекса ЕАЭС. В настоящее время работа находится на завершающей стадии, и уже до конца года протокол будет принят и начнется применение обновленных норм.

УКРЕПЛЯЯ СОТРУДНИЧЕСТВО



В офисе АО «KTZ Express» прошла встреча с представителями одной из ведущих строительных корпораций Китая – China Railway Construction Engineering Group (CRCEG). Мероприятие стало площадкой для обсуждения перспектив двустороннего сотрудничества в сфере транспортной инфраструктуры и логистики.

CRCEG входит в число крупнейших строительных компаний мира с богатством опытом реализации масштабных инфраструктурных объектов – от железнодорожных линий и вокзалов до логистических хабов и транспортных узлов. Представители китайской стороны выразили высокую заинтересованность в участии в проектах, реализуемых на территории Казахстана, особенно с учетом растущей роли страны как транзитного моста между Китаем и Европой.

В свою очередь руководство KTZ Express ознакомило партнеров с деятельностью компании, ее логистическим потенциалом и приоритетными направлениями развития. Были представлены ключевые проекты – в том числе по созданию терминалов, мультимодальных маршрутов и развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ). Стороны обсудили возможности для участия CRCEG в строительстве и модернизации логистической инфраструктуры в рамках развития коридора Китай – Центральная Азия – Европа. Особый интерес вызвали совместные инициативы в области внедрения современных технологий, устойчивых решений и строительства терминальных мощностей с учетом китайского опыта.

Важным аспектом переговоров стало стремление обеих сторон укреплять партнерские отношения в духе инициативы «Один пояс, один путь», а также повысить конкурентоспособность инфраструктуры Казахстана на международном рынке логистических услуг.

По итогам встречи CRCEG и KTZ Express выразили готовность к дальнейшему углублению сотрудничества и реализации совместных проектов, нацеленных на укрепление транзитного потенциала Казахстана и развитие инфраструктурной взаимосвязанности в Евразийском регионе.

Алуа ТЛЕУБАЙ

КЕСТЕГЕ САЙ ЖҮРІП ЖАТЫР

 Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Жаз – жол жөндеу жұмысы жанданатын ең қолайлы маусым. Ал Атырау өңірінде жасыратыны жоқ, жаңартуды қажет ететін жолдар баршылық.



Биылғы жылға Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Атырау жол дистанциясына берілген күрделі жөндеу жоспары 40,5 шақырым.

Дистанция бастығы Нұрбай Темірзақтың айтуынша, Ганюшкино-Атырау учаскесінің 3,4,5 разьездері аралығында оның бүгінгі күнге дейін 24,8 шақырымы орындалды. Яғни, елу пайыздан асты десек болады.

«Аталған телімдердегі бұрынғы ағаш шпалдар түгелдей алынды. Әуелі жаңа мен ескінің түйіскен тұсы тазаланып, бұрандалары ағытылды. Сол сәтте кранмен ескі рельс шпалымен қоса көтеріліп алынды да, бос вагонға жиналды. Содан кейін тракторлар рельсі алынған жолды жырттып, тегістеп, салмақпен нығыздап, жол жаңа темірбетонды шпалдар төсеуге әзірленді. Жердің негіздемесі төселіп, шебін төсеу, жерді нығыздау, басқа да жұмыстар технологиялық талаптарға сай жасалды. Күрделі жөндеу жұмыстары барысында 6 сағаттан толаскез алынып отырды» дейді дистанция бастығы.

Жұмыс барысында ауыр жүктерді көтеріп-түсіруге (темір бетонды бұрмаларды, бағаналарды, шпалдарды, ауыр техникалардың қосалқы бөлшектерін) арналған КЖК-562 маркалы краны пайдаланылып, Дуамат, Унимат, ДГС, ПБР, ВПРС т.б. машиналар да қолданылуда. Жолға 25 метрлік дайын жаңа рельстер қойылып, талапқа сай орнатылған.

Сондай-ақ, биыл дистанция бойынша жоспарланған күшейтілген орташа жол жөндеу жұмыстары 6,363 шақырым болса, бүгінде оның да 2,175 шақырымы орындалған. Ол жұмыстар Ганюшкино-9-10 разьездер аралығында жүргізілген. Р-50 рельстерін Р65-ке алмастыру жұмысы да дистанция жоспарындағы кезек күттірмес істердің бірі. Биыл барлығы 14,690 км рельс алмастыру қажет болса, қазіргі уақытта Аққыстау, 15-разьезд, Атырау мен Сағыз станцияларында 1,223 км жасалған. Өңірде темірбетонды шпалдарға жаңа бағыттағамалы бұрмалар да орнатылып, 4 жиынтық бұрма жаңасына ауыстырылған. Ганюшкино-Исатай учаскесі аралығында жаңа рельстерге сай бұрынғы пайдаға асатын бұрмаларды ауыстыру 6 жиынтық болды, жоспардағысы 20 жиынтық. «Барлық жол жөндеу жұмыстары рет-ретімен жасалып жатыр, ол әрине алдымен қозғалыс қауіпсіздігін сақтайды, сонан кейін пойыздардың өткізу қабілетін арттырады, яғни жылдамдыққа да әсері бар» деп түйіндеді сөзін Нұрбай Темірзақ.

Суретті түсірген автор

МҮМКІНДІГІ АРТА ТҮСЕДІ

 Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент



АЙМАҚ


Шымкент іргесіндегі Қызылсай станциясы арқылы күн сайын 70 вагон жүк тиеліп, 150-170 вагон жүк станция маңындағы тұйық жолдарда босатылады.

Жүк вагондарын қабылдап-жөнету мен вагон өңдеу қабілеті өте жоғары саналатын іргедегі Қазығұрт станциясына жылжымалы құрамдар осы Қызылсайдың бас жолымен, 4-ші және 6-шы жолдар арқылы кіреді. Бұл әрекет өз кезегінде Қызылсай станциясының өңдеу мүмкіндігін тежеп, өткізу қабілетін аша түседі. Ал сала мамандары үшін мұндай көрсеткіш көңіл көншітпейді. Себебі, станцияшілік жолдарға аздаған өзгеріс енгізетін болса, Қызылсайдың вагон өңдеу мүмкіндігі де ашылып, кең тыныспен жұмыс атқарар еді.

Ол үшін Қызылсайдағы бас жолдың солтүстік мойындығына 2 бағыттағыш бұрма қою арқылы станция паркінің өткізу жүктемесін жеңілдетіп, өңдеу мүмкіндігін арттыру қажет. Себебі, жүк вагондарын өткізгенде станцияның вагон өңдеу ержөректі түрде саябырсып жатады. Негізінде, бұл өзі ертеректе қолданыста болған әдіс. Соңғы жылдары жылжымалы құрамдар қатынасы жанданып, жүк тасымалы ағыны ұлғайған шақта қайта жандандыру қажеттігі туындауда.

–Негізінен, біздің парктегі 4, 6, 8 жолдар ең сұранысқа ие, қызмет көрсету әлеуеті де артық жолдар санатында. Қазығұрт станциясында перегон болғандықтан, ол жаққа вагон жеткізуде біздің әлгі маңызды жолдарымыздың әлеуеті сонымен шектелуде. Енді, өзге де жолдарды тиімді пайдалану мақсатында біршама өзгерістерді сәтті енгізе алсақ, станцияның мүмкіндігі арта түседі, – дейді станция бастығы Баянды Раманқұлов.

Ал 1, 2 жол басымдыққа ие болғанымен, олар осы күндері өткізу бағытында ғана пайдаланылуда. Сондықтан да станцияның вагон өңдеу бағытындағы өндірістік көрсеткіші көңіл көншітпейтін көрінеді. Қазіргі кезде бұл бағытта қызу жұмыстар жүргізілуде. Мәселе оң шешімін тапқанда Қызылсай станциясының өңдеу мүмкіндігі кеңейіп, өндірістік көрсеткіші жоғарылай түспек.



Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі төрт түйіспемен шектеседі. Түлкібас – Шымкент, Мойынты – Қарағанды, Отар – Алматы, Түрксіб – Қырғыз елімен түйісетін теміржол желісі арқылы күн сайын жүк және жолаушылар пойыздары үздіксіз қатынап жатыр. Күндіз-түні төрт бағытқа ерсілі-қарсылы ағылып жатқан құрамдар, ондағы әр вагон туралы мәлімет жинақтап, есеп жүргізетін саламен таныс болайық.

СТАТИСТИКА – САН МЕН САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ҒЫЛЫМЫ

 Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Көпсалалы қызмет көрсету орталығы» филиалы Бизнес-талдау департаментінің Тараз өңірлік бөлімі осы есепті жүргізеді. Оларда Жамбыл теміржолына қарасты барлық құрылымдардың статистикасы жинақталған, күні бойы есеп және талдаумен айналысатын бөлімнің жұмысы өңірдегі қозғалыстың барометрі, барлық жұмыстың айнасы іспетті. Осы бөлімді үзіліссіз 30 жылға жуық басқарып келе жатқан Амантай Желдікбаев статистика жүргізудің хас шебері ретінде мойындалған маман. Білікті басшымен қиын да күрделі бөлімнің жұмысы жайлы аз-кем сұхбаттасудың сәті түсті.

– Амантай Середаұлы, теміржолдың сан салалы жұмысында сырт көзге байқала бермейтін, бірақ алып саланың жүрегі мен артериялық қан тамыры сынды статистика қызметі жайлы кеңінен әңгімелеп берсеңіз...

– Математика – ғылымның атасы десек, статистика – анасы. Статистика – сандық және сапалық көрсеткіштер ғылымы. Түбі жоқ тұңғыық әлемге дендеп енген сайын қызықты бола түседі. Басқатырғыш сынды есеп-қисап, жинақтау, өңдеу мен талдаудан да ләззат алуға болады. Жамбыл теміржолының бүкіл статистикасын біздің бөлім жүргізеді. Жамбыл жүк тасымалы және Жамбыл магистральдық желі бөлімшелеріне қарасты барлық құрылымдардың, бас-аяғы жиырма шақты кәсіпорынның бәрінен есеп алып отырамыз. Есептік кезең 20 сағатты құрайды. Күн сайын Жамбыл бөлімшесіне қарасты төрт түйіспе жолмен қатынайтын пойыздарда қанша вагон бар, оның қаншасы қабылданды, қаншасы өткізілді, жалпы локомотивтер мен вагондардың өнімділігі қандай, жылдамдықтарына қатысты телімдік және техникалық көрсеткіштері қандай, соның бәрінің есебі арнайы макетке толтырылып, автоматты түрде Астанаға жіберіліп отырады. Автоматты жүйеге енгізілмей, жазбаша толтырылатын статистика да бар. Мысалға айтар болсақ, пайдалану мерзімі өткен вагондар компью-



терлік базадан шығып қалады. Бірақ оларды арнайы рұқсатпен басқа жаққа жіберетін кездер болады. Міне, солардың есебі қағаз жүзінде бөлек жүргізіледі.

– Теміржол – цифрлық технологияға қарқынды көшіп жатқан сала, сіздер де оның игілігін көріп жатқан боларсыздар?

– Әрине, онсыз бола ма, біздің де бөлім жұмысы автоматты түрде жүргізілетін ақпараттық жүйелер кеңінен қолданысқа енгізіле бастағалы бері айтарлықтай оңтайландырылып, жеңілдегені рас. Мысалы, тиеу-түсіруді жедел бақылау (ОКПВ) бағдарламасын алайық. Аталған автоматты жүйе арқылы, айталық Мыңаралда цемент зауыты шығаратын өнім Сарышаған станциясында вагондарға тиелді делік, тауарлық касса мәліметті компьютерге жүктейді, сол мезетті ақпараттың көрі Астанадағы Бас есептеу орталығына (ГВЦ) барады.

Сол арқылы біздің бөлімнің қалыптасқан барлық жұмысы көрінеді. Автоматты басқарылатын ақпараттық жүйелер – уақыт жағынан ұтымды, есеп нақты жүргізіледі. Айталық, локомотивтердің қозғалысы бойынша АСИМ-ЭММ деген бағдарлама бар. Осы жүйе арқылы машинист жол жүріп оралғаннан кейін барлық мәлімет: локомотив қай жерден шықты, қанша вагон тіркеп өкелді, қандай станцияларға қай уақытта тоқтап, қанша уақыттан кейін жүрді, жалпы вагондардың салмағы бәрі-бәрі осы бағдарлама бойынша енгізілген базада жазылып тұрады. Қазіргі кезде АСУ СТ деген бағдарлама қарастырылып жатыр. Бұл бағдарлама енгізілсе, станциялардың жұмыстарының бәрі автоматтандырылады, IT мамандар осы бағытта жұмыс жүргізіп жатыр.

– Осындай ауқымды жұмыс көлемін

Станция тынысы

ТАБЫС КІЛТІ – ТАЛАПТА

Теміржол – тәртіп пен талапты қажет ететін күрделі сала. Ал бұл саладағы табысты жұмыс – ең алдымен теміржолшылардың кәсіби шеберлігіне, жауапкершілігіне байланысты.

 Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Белкөл станциясы биылғы жылдың бес айын табысты қорытындылады. Теміржол көлігінің қауіпсіздігі мен қозғалысты ұйымдастыру бағытындағы жұмыстарды жоғары кәсібилікпен атқара білді. Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне қатысты бірде-бір ереже бұзушылық, ақау немесе төтенше жағдай тіркелмеген. Бұл – станция ұжымының жүйелі түрде жүргізген профилактикалық шаралары мен қатаң бақылаудың нәтижесі.

Белкөл станциясы бастығының орынбасары Ғабит Тілеубаевтың мәліметінше, есептік кезеңде маневрлік және негізгі пойыз қозғалысында қауіпсіздік бұзылмаған. Мамыр айында да, жалпы бес айлық көрсеткіш бойынша да вагондардың бүлінуі немесе техникалық зақымдануы тіркелмеген. Пойыз қозғалысының автоматтандырылған жүйелері – сигнал беру мен байланыс құрылғылары да мінсіз жұмыс істеуде, бұл жүйелерде бірде-бір ақау орын алған жоқ. Жолаушылар мен жүк пойыздарының қозғалысынан тұрақты бақылауда ұстайтын белкөздіктердің станция аумағында пойыздарды қабылдау және жөнелтуі үнемі бекітілген технологиялық регламентке сай жүргізіледі. Пойыздарды бейінді емес жолдармен жөнелтуе жол берілмеген. Жолаушылар мен жүк пойыздарының кестеге сай қозғалысы сақталып, вагондарды тиеу мен түсіру секілді өндірістік бағыттар жоғары деңгейде орындалған.

– Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау



және теміржолдағы тәртіпті арттыру мақсатында келесі түзету шараларына аса мән беру тапсырылды. Локомотив бригадаларының маневрлік қозғалыстағы тәртіпті сақтауына тосын тексеріс арқылы бақылау жасау жүктелді. Станция басшылығы пойыздардың тағайындалуына, вагондардың ұзақ тұрақта қалуына және ауа райының күрт нашарлауы жағдайындағы қозғалысқа тұрақты мониторинг орнатып бақылауда ұстайды. Ай сайынғы комиссиялық тексерулер барысында анықталған ақаулар мен ауытқуларды уақытылы жою бойынша қатаң бақылау орнату секілді тапсырма жүктеген станция бастығының пәрменін орындау үшін жұмыс жасалып жатыр. Жалпы қозғалыс қауіпсіздігі мен өндірістік тәртіпті сақтай отырып кәсіби деңгейде жүйелі жұмыс жүргізілуде. Десек те, табыс кілті – талапта екенін де жоққа шығармаймыз, сондықтан басшы болсын, қосшы болсын талап қатаң, – дейді станция бастығының орынбасары.

Станция жұмысының тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын әрине – кәсіби мамандар. Бұл орайда бескөздіктер қатарын пойыз құрастырушылар К.Мәлікайдаров, Н.Омаров, С.Айтмырзаев және парк кезекшілері Е.Түзелбаев, Ж.Аптықалықов, М.Сейітов сынды майталмандар толықтырады. Олардың өзара үйлесімді де кәсіби әрекеттері Белкөздегі тәртіпті, үздіксіз қозғалыстың басты кепілі. Бұл – пойыз қозғалысының үздіксіз әрі қауіпсіз ұйымдастырылуына тікелей әсер ететін маңызды фактор.

Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛДЕГІ ОҚИҒА

 Даниял ХАМИТ,
Алматы

15 маусым жексенбі күні таңертең Алматы облысындағы теміржол мен автожол қиылысатын өткелде жол-көлік оқиғасы орын алды.

Жетіген – Алтынкөл теміржол телімінің Жіңішкесу – Шелек аралығындағы өткелде жол талғамайтын көлік жүк пойызымен соқтығысқан. Toyota Land Cruiser жүргізушісі жол ережелерін өрсекел бұзып, жолға шығып кеткен. Нәтижесінде жеңіл машина мен жүк пойызының соқтығысының алдын алу мүмкін болмады. Құрбандар жоқ, бірақ жеңіл көлік жүргізушісі қолын сындырып, медициналық мекемеге жеткізілді. Оның өміріне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ.

Оқиға барлық қажетті ескерту белгілерімен жабдықталған, реттелетін, бірақ қорғалмаған өткелде болды. Теміржолшылардың жедел және үйлесімді іс-әрекетінің арқасында пойыз қозғалысы 30 минуттан кейін қалпына келтірілді.

Қазақстан темір жолының мәліметі бойынша, жыл басынан бері ел ішіндегі теміржол өткелдерінде 23 жол-көлік оқиғасы (ЖКО) тіркелген. Оған көп жағдайда өткелдердегі сигналдар мен белгілерді елемеген жүргізушілер кінәлі болған. Сонымен қатар, локомотив бригадаларының кәсіби шеберлігі мен жылдам реакциясының арқасында 32 ықтимал қауіпті оқиғаның алды алынған.

НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ЛОГИСТИКИ

Астана стала ключевой площадкой для развития межрегионального взаимодействия. В эти дни в столице проходит второй саммит «Центральная Азия – Китай». На повестке дня – развитие инфраструктуры, модернизация логистических маршрутов, инвестиции в транспорт и промышленность, а также выработка общего плана по реализации инициативы «Один пояс, один путь», передает 24.kz.

 **Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Сегодня 80% всех наземных контейнерных перевозок из Китая в Европу проходят через территорию Казахстана, что делает страну важнейшим звеном в Евразийском транспортном коридоре. Растущий объем грузов требует развития магистральной инфраструктуры.

Одним из ключевых проектов стало строительство второго железнодорожного пути на участке Достык – Мойынты, завершение которого позволит увеличить пропускную способность в пять раз. Этот маршрут – часть широкомаштабного плана по увеличению грузопотока в рамках инициативы «Один пояс, один путь».

В фокусе внимания будут вопросы транспортной логистики. Это Транскаспийский маршрут. Китайская сторона активно сотрудничает с Казахстаном в этом вопросе, – сказал эксперт Института мировой экономики и политики Ерсултан Жаңсеитов.

Развитие транспортного коридора не ограничивается железными дорогами. Параллельно ведется активная работа по



расширению портов Актау и Курык, строительству новых терминалов, созданию контейнерного хаба на Каспии и строительству объездной дороги вокруг Алматы – все это часть региональной логистической системы будущего.

– Казахстан заинтересован в том, чтобы данная инициатива развивалась, и по итогам нынешнего саммита планируется принять план действий по высококачественной реализации инициативы «Один пояс, один путь» между государствами Центральной Азии и Китаем. Этот документ направлен на то, чтобы данная инициатива

с участием государств Центральной Азии и Китая далее развивалась, приносила пользу, – отметил Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в КНР Шахрат Нурышев.

В рамках саммита также рассматривается пакет из более чем 20 двусторонних соглашений, в том числе – важный документ о взаимной защите инвестиций.

– Несмотря на то что визит носит статус рабочего, программа все равно будет насыщенной. Предполагаются проведение переговоров, подписание документов. В настоящее время в проработке находится более 20 различных документов двустороннего характера. Среди них я хотел бы отметить документ, который готовится к подписанию. Это обновленное соглашение о поощрении и взаимной защите инвестиций, – добавил Шахрат Нурышев.

Старый договор, заключенный в 1993 году, больше не соответствует динамике современного партнерства. На сегодняшний день китайские инвестиции в Казахстан превысили 25 миллиардов долларов, а товарооборот по итогам 2024 года достиг 40 миллиардов долларов, увели-

чиваясь в среднем на 30% в год.

Сегодня Казахстан экспортирует в Китай цветные и черные металлы, уран, нефть, газ, а также продукцию АПК. Китай, в свою очередь, поставляет автомобили, электронику и товары легкой промышленности.

– Если пройтись по продуктам, которые экспортируются-импортируются, то в основном Казахстан экспортирует продукцию цветной и черной металлургии, а также энергоресурсы и, конечно же, продукцию агропромышленного комплекса. С китайской стороны преобладает импорт готовой продукции – автомобили, электроника, продукция текстильной промышленности, – прокомментировал эксперт департамента продвижения экспорта МТИ РК Аскар Музаффар.

Саммит «Центральная Азия – Китай» в очередной раз доказывает, что Казахстан не просто участвует в транснациональных инициативах, а формирует их контент и архитектуру. В центре этого процесса – железнодорожная отрасль как опора экономического роста, транзита и интеграции.

Фото Александра ЖАБЧУКА

БОЕВАЯ ГОТОВНОСТЬ В ЛЕТНИЙ СЕЗОН



 **Светлана МОГАЙ,**
Караганда

В рейдах задействованы сотрудники акимата, ЛОП, ВЖДО, а также отряд негосударственной противопожарной службы филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети».

На сегодняшний день в работе огнеборцев имеется арсенал пожарного поезда на станции Караганда-Сортировочная под названием «Световая башня», который представляет собой автономную осветительную систему, позволяющую оперативно организовывать освещение больших зон при экстренных ситуациях. Конструкция состоит из генератора, надувного мешка из ткани и натриевой лампы, которая за счет теплого воздуха поднимается на высоту семь метров и освещает значительную территорию вокруг башни – 10 тысяч квадратных метров.



Кроме того, в наличии пожарного поезда имеется две цистерны по 50 кубометров воды. Стоит учесть, что эта система вполне может заменить 40 пожарных машин. Также имеется большой запас пенообразователя около пяти тонн и бензина.

– В целях предупреждения лесных и степных пожаров на территории Карагандинского отделения магистральной сети в пожароопас-


ный период 2025 года разработаны планы по привлечению сил и средств на случай их возникновения, отработаны схемы связи оповещения и информирования населения, налажено взаимодействие территориальных подразделений ДЧС и местных исполнительных органов, локомотивные бригады заблаговременно ознакомлены о случаях возгорания степи и лесонасаждений. Вдоль железнодорожного полотна вывешено 1 180 аншлагов, – сообщил начальник негосударственной противопожарной службы филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Сайлау Жаркенов. – Совместно с ДЧС проводятся пожарно-тактические учения с привлечением работников ДС, ТЧЭ, ПЧ, ШЧ, ЭЧ, ВЖДО, ЛЭП, ЛППУ, проверяется противопожарная опашка отвода Карагандинского линейного эксплуатационного подразделения ЛЭП.

Во время обхода с жителями населенных пунктов проводятся разъяснительные беседы касательно запретов на сжигание сухой травы и мусора, необходимости очистки территории возле мест проживания, а также о готовности средств пожаротушения.

За несоблюдение требований пожарной безопасности были составлены несколько административных протоколов, при этом виновные лица привлечены к ответственности.

Фото автора

СОЗДАНИЕ НАДЕЖНОЙ СРЕДЫ



 **Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Станция Алматы-1 не является исключением и активно включилась в реализацию мероприятий, направленных на укрепление культуры безопасности и повышение личной ответственности каждого руководителя.

Во время двухмесячника проводились дополнительные инструкции с персоналом, проверки требований охраны труда и техники безопасности, разбор потенциально опасных ситуаций, а также консультации по улучшению условий труда. Особое внимание было уделено вопросам четкого соблюдения технологических процессов, исполнения системы «Человек на пути», своевременной выдачи предупреждений. А также правильности содержания служебных записок и исправности инструментов, грузозахватных приспособлений, укомплектованности медицинских аптечек, соответствия состава бригад и их квалификации выполняемой работе, соблюдения всех мер безопасности труда. Акцент ставился на повышение личной ответственности руководителей за безопасную организацию труда.

Надо сказать, что станция Алматы-1



занимает одно из ключевых мест в системе грузовых перевозок региона. Ежедневно здесь проходит колоссальный объем работы: прием, отправление и переработка грузов требует максимальной слаженности, оперативности и ответственного отношения к делу. Именно в рамках двухмесячника «Руководитель – гарант безопасности» станция Алматы-1 успешно реализовала комплекс мероприятий на предотвращение рисков и обеспечение безопасных условий труда на всех постах, включая маневровую горку, где усилен контроль за координацией действий, безопасностью спусков и стыковки вагонов. На тупиках – особое внимание состоянию пути, освещению и безопасному выполнению маневровых операций. В товарной кассе – обеспечение



безопасных условий труда для работников, полноценная работа с документацией и клиентами.


– Мы провели десятки внеплановых инструктажей, проверок на рабочих местах, выявили и устранили ряд потенциальных рисков. Работа проводилась не точечно, а системно – на всех участках станции: от маневровой горки до товарной кассы, – отмечает начальник станции Алматы-1 Бахытжан Садыков.

Руководство станции прикладывают все усилия, чтобы каждый рабочий процесс был организован безопасно, несмотря на темпы и объемы. Это общая заслуга коллектива и пример того, как руководитель может быть гарантом безопасности.

Фото автора

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ ВЕКТОР ИНТЕГРАЦИИ

 **Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Астана



АО «НК «ҚТЖ» принял участие в 82-м заседании Совета по железнодорожному транспорту государств – участников СНГ.



Участие в заседании, которое прошло в столице Республики Таджикистан, городе Душанбе, приняли руководители железнодорожных администраций Азербайджана, Армении, Беларуси, Казахстана, Кыргызстана, России, Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана, а также представители администраций Грузии, Ирана, Латвии и Эстонии.

Одной из ключевых тем мероприятия стали итоги работы железнодорожной отрасли за первый квартал текущего года, перспективы международного сотрудничества и развитие логистических коридоров на Евразийском пространстве.

АО «НК «Қазақстан темір жолы» на заседании представил заместитель председателя правления Талгат Алдыбергенов. Делегация приняла участие в обсуждении вопросов цифровизации перевозочного процесса, оптимизации межгосударственных маршрутов и укрепления транзитного потенциала стран региона.

Согласно озвученным данным, за январь – март 2025 года по сети железных дорог стран СНГ перевезено 387,2 миллиона тонн грузов, что на 1,6% выше аналогичного показателя 2024 года. Существенный рост отмечен в сегменте контейнерных перевозок – они превысили плановые показатели на 8,3%, а также превзошли уровень прошлого года на 5,6%.

Среднесуточный рабочий парк грузовых вагонов составил 1,4 миллиона единиц, что свидетельствует о стабильной операционной активности сети.

В международных пассажирских перевозках также зафиксировано уверенное восстановление. Пассажирооборот увеличился на 17%, число перевезенных пассажиров составило 2,3 миллиона человек, что на 16% выше аналогичного периода прошлого года. Этот рост свидетельствует о возвращении спроса на железнодорожные маршруты дальнего следования и восстановлении туристических потоков.

По итогам заседания были приняты решения, направленные на дальнейшую интеграцию железнодорожных систем и развитие единого транспортного пространства. Следующее, 83-е заседание совета состоится в ноябре 2025 года в Баку (Республика Азербайджан).

ПРИЯТНОЕ С ПОЛЕЗНЫМ

 **Айдана ЕРТАЙ,**
Павлодар



Сотрудники станции Павлодар провели интересную и познавательную экскурсию по предпрятию воспитанникам детского дома.



В первые дни летних каникул ребята решили принять участие в экскурсии по железной дороге. Тем более такая возможность выпадает не каждый день. После инструктажа воспитанники 8-9-х классов Регионального центра поддержки детей и Детской деревни семейного типа села Кенжеколь посетили главное здание станции Павлодар. Об истории предприятия рассказал заместитель ДС Нурсултан Екпінтаев. Детям показали архивные фотографии, видеоролики и другое. Железнодорожники также рассказали о достижениях станции Павлодар. К примеру, предыдущие годы на предприятии не было допущено ни одного несчастного случая.

– Обеспечение безопасности на железной дороге – это наша главная задача. Для того чтобы работать железнодорожником, нужно быть очень ответственным, так как дисциплина в нашей работе играет большую роль, – отметил Нурсултан Екпінтаев.

Далее группа отправилась на сортировочную горку, где сортируются вагоны, формируются и расформируются составы. Здесь свои законы и порядки, которые нужно строго соблюдать. Детям рассказали о работе дежурного по сортировочной горке и оператора по сортировочной горке.

Мероприятие организовано по проекту Samruk Umiti в целях профессиональной подготовки и карьерного ориентирования.

Фото автора

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ӘУЛЕТІНДЕ – ГАУҢАР ТОЙ

Түбек теміржолына бір кісідей еңбегі сіңген есімі елге белгілі ардагер Амандық Алдаберген 85 жасқа толып отыр. Ал жары Сұлу Асқарқызымен отасқанына алпыс жыл болған. Маңғыстау жұртшылығы ақсақалды мерейтойымен және қос қарияны гауһар тойларымен құттықтады.



Теміржолшылар әулетінің негізін қалаған Амандық ақсақал өмірлік серігі Сұлу апамен 1965 жылы шаңырақ көтеріп, түбек теміржолы салынып жатқан сол жылдары Маңғыстауға қоныс аударыпты. Ташкентте теміржол институтын бітірген жоғары білімді маманды Маңғыстау локомотив депосы құшақ жая қарсы алады. Ерлі-зайыптылар қатар жүріп еңбек етіп, бес бала өсіріп-жеткізеді, өнегелі әулеттің негізін қалайды. Қазір балаларынан 17 немере, 16 шөбере сүйіп, ел ішінде абырой мен құрмет-қошеметке бөленіп отыр.

Гауһар той иелерін түбек теміржолының басшылары мен кәсіподақ ұйымы құттықтады. Ардагерге қазаки дәстүрмен шапан жауып, сый-сияпат көрсетті. Маңғыстау локомотив депосының кәсіподағы мен басшылығы ардагердің депоға сіңірген еңбегі туралы әңгімелеп, алғысын айтты. 1966 жылы Маңғыстауға теміржолмен бірге келіп, депоньң іргетасын қаласқан алғашқы инженер-мамандардың бірі болғанын сөз еткен олар еңбегімен де, адами қасиетімен де көпке үлгі болған Амандық Қалиұлының әр жылдары ауысым шебері, депо бастығының орынбасары, депо бастығы, кәсіподақ комитеті төрағасы қыз-

меттерін атқарып, теміржолда 40 жылдан аса еңбек еткенін, зейнетке шықса да әлі күнге теміржолдың мүддесі үшін қызмет етіп келе жатқанын жеткізді. Теміржол тарихынан сыр шертегін бірнеше кітаптың авторы. Біраз жылдан бері теміржолшы ардагерлер кеңесінің төрағасы. Зейнеттегі теміржолшылардың жоғын түгендеп, жастар тәрбиелеуге де үлесін қосып жүрген ақсақал теміржолшылар ортасында ғана емес, жалпы түбек жұртшылығы арасында беделі жоғары, орны бөлек жан.

«Құрмет белгісі» орденімен, «Қажырлы еңбегі үшін» «Еңбек ардагері» тағы басқа төсбелгімен марапатталған теміржолшы кезінде Маңғыстау поселкелік кеңесінің бірнеше рет депутаты болып, түбектің өсіп-өркендеуіне де айтарлықтай үлес қосқанын жергілікті халық ұмытпайды.

Алдабергеновтер әулетінің еңбек жолын бүгінде балалары мен немерелері жалғастыруда.

Шахида ЖҰМАН, *Маңғыстау Суретті түсірген автор*

АТЫРАУДЫ АРАЛАП ЖҮР



«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы Атырауға ат басын тіреп, қызметін Ганюшкино станциясынан бастады. Мұнда олар бір күнде мыңға жуық адамға тегін мединалық көмек көрсетсе, бригада құрамындағы медиаторлар мен заңгерлер тұрғындарға құқықтық кеңестер берді.



Жылжымалы құрамда сегіз вагон-ның төртеуі медициналық вагондар, онда әр түрлі медициналық құрал-дар мен дәрігер-мамандар бөлмесі бар, мамандар демалатын екі купе вагоны, вагон-мейрамхана және техникалық вагон бар. Купе-вагондарда кондиционер, сондай-ақ пойызда душ, кір жуатын машина, тоңазытқыш қойылып, дәрігерлердің жұмыс жасауы және демалуына барлық қолайлы жағдай жасалған.

Медицина пойызының аға дәрігері Әсемгүл Саханованың айтуынша, «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызының көшпелі бригадалары соңғы бес-алты күнде Ганюшкино, Исатай, Нарын, Аққыстау станцияларының тұрғындарын қабылдап, қызмет көрсетті. Пойыздың құрамында 27 маман - медицина қызметкерлері және медиаторлар мен заңгерлер де бар. Медициналық пойыз кабинеттер ретінде жабдықталған

және диагностикалық тексеруге және алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті заманауи медициналық жабдықтармен: ЭКГ, УДЗ аппараты, эндоскопиялық жабдық, гематологиялық және биохимиялық анализатор, Мерлин ультрадыбыстық сканері, флюорограф, гастродиброскоп және басқалармен жарақталған 4 вагоннан тұрады. Дәрігерлер қатарында терапевт, хирург, педиатр, психолог, невропатолог, ультрадыбыстық диагностика маманы, жалпы тәжірибелік дәрігер, рентгенолог, кардиолог, стоматолог, офтальмолог, отоларинголог, педиатр, онколог-маммолог, гинеколог және уролог бар, барлығы 17 кабинет. Қажеттілікке қарай, мамандар кішігірім ота жасау қызметтерін көрсетіп, жоспарлы емдеуге жолдама береді.

«Осы күндер ішінде мыңдаған адам қаралды. Атыраулықтардың

көп ауыратыны – тері аурулары екен, яғни дерматологиялық, псориазбен ауыратындар басым. Сосын аллергия, іш құрылысы аурулары, өрте тас жиналып қалу, бүйрек ауруы, көбінде қалқанша без үлкейіп кеткен (зоб), қант диабетімен ауыратындар үлкенде де, балаларда да баршылық. Буын аурулары да негізгі аурулардың бірі. Мұның бәрі әрине алдымен дұрыс тамақтанбау және өңірдегі экологияның нашарлығына да байланысты» дейді аға дәрігер.

Атырауға маусымның 6-да келген медициналық пойыз аймақта айдың ортасына дейін болады. Ганюшкино-Афанасьево, Исатай-Нарын, Аққыстау, Тұманды станцияларынан кейін Жамансор мен Мұқырда, ең соңында маусымның 17-20 күндері Сағыз станциясында болады.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, *Атырау Суретті түсірген автор*

Спорт

ЧЕМПИОНЫ ПО ФУТЗАЛУ

В рамках корпоративной программы по укреплению командного духа, пропаганде здорового образа жизни и развитию спортивной культуры среди работников в АО «НК «ҚТЖ» состоялся республиканский чемпионат по футзалу. Соревнование объединило 23 команды из всех уголков страны – от региональных филиалов до дочерних предприятий.

Игры проходили по круговой системе с разделением команд на семь подгрупп, что обеспечило каждому участнику максимальное игровое время и честную спортивную конкуренцию. В общей сложности было сыграно около 70 матчей, каждый из которых стал настоящим проявлением упорства, воли к победе и настоящего железнодорожного характера.

По общему признанию судейской коллегии, каждый матч был по-своему интересен, поэтому время игры можно было смело определять по несомлажаемому гулу со стороны любителей футбола.

Однако одним из самых захватывающих матчей стала финальная игра спортсменов из Актауского морского порта и сборной



Караганды. Мяч, подчиняясь уверенным ударам множества ног, метался по полю, и за ним практически невозможно было уследить.

По итогам острой и захватывающей борьбы команда Актауского морского порта одержала победу над Карагандой со счетом 2:1.

НАДО ПОБЕЖДАТЬ ЯРКО!

В Уральске прошла спартакиада по летним видам спорта среди предприятий Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» и Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону. Все восемь команд показали корпоративный дух и спортивную волю.

Организаторами соревнований, традиционно проходивших на стадионе ФК «Ажайык» имени Петра Атояна, выступили инструктор-организатор Бекзат Гилманов и спортинструктор ФСК «Локомотив» Болат Карлибаев с участием ветерана спорта Александра Любимкина при поддержке профсоюзных цеховых комитетов Уральского узла. В спартакиаде приняли участие восемь команд: сборная АУР филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» по Уральскому региону (ГП), станции Орал (ДС Орал), станции Жилаево (Жилаево), Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3), Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7), Уральской дистанции электроснабжения (ЭЧ-2), Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1) и команда-новичок топливного склада «Орал» филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Центр топливных ресурсов» (ЦТР).

Состязания по многоборью, в которые вошли метание гранаты, прыжки в длину с места, армрестлинг и арқан тарту, стали настоящим спортивным праздником. Несмотря на весьма жаркую погоду, все спортсмены выложились по полной, показав хорошие результаты. Причем в каждой команде выявились свои лидеры, многие из них были отмечены медалями.

Итак, в прыжках призовые места распределились следующим образом: на первом месте – Жаннат Сағынай (ШЧ-7), на втором – Гульмира Шукурова и Айман Исмагулова на третьем месте (ТЧЭ-1). Среди мужчин призерами стали «электрики» – Мадир Максот – первое место, Манарбек Орынғали – третье (ЭЧ-2), серебро досталось Анарбеку Жумажанову (ДС Орал).

В метании гранат показала лучший результат и, соответственно, заняла первое место Наркыз Амирханова (ДС Орал), на втором – Жаннат Сатаева (ШЧ-7), третье – у Ангелины Султановой (ВЧД-3).



Среди мужчин отличились Адлет Хисмет (первое место) и Даурен Алибергенов (второе место) со станции Жилаево, на третьем – Манарбек Орынғали (ЭЧ-2).

Армрестлинг выявил главных силачей. У женщин в легком весе первое место заняла Жанат Сағынай (ШЧ-7), второе – Наркыз Амирханова (ДС Орал), третье – Алина Жалмурзиева (Жилаево). В тяжелом весе на первом месте Жаннат Сатаева (ШЧ-7), на втором – Гульзия Сулейменова (ГП) и Ангелина Султанова (ВЧД-3) – на третьем. У мужчин в легком весе победил Аскар Тугулытаев (ШЧ-7), серебро взял Мадир Максот (ЭЧ-2) и бронза досталась Адлету



Хисмету (Жилаево). В тяжелом весе безусловную победу одержал Саянбек Калдыбеков (ШЧ-7), Амархан Джахметов (ВЧД-3) занял второе место, на третьем – Айбол Нурхожаев (ТЧЭ-1).

В состязаниях по арқан тарту самыми сильными и упорными оказались команды ТЧЭ-1 (первое место), буквально вырвавшая победу у ШЧ-7 (второе место), а на третьем оказались новички – команда ЦТР. В общекомандном зачете победителями спартакиады стала команда Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7), серебряным призером – команда Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1), а бронзу заслуженно получила команда станции Жилаево. Все команды-призеры, а также занявшие 1-2-3-е места в индивидуальных зачетах награждены дипломами и ценными подарками.

Анна ПАНИЩЕВА, *Уральск Фото автора*



ТУРНИР ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Сексеуіл станциясында аймақ теміржолшыларының басын қосқан айтулы спорттық шара өтті. Сала кәсіподағының 120 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Қазкөліккәсіп-2025 теміржол футбол лигасы кубогының» іріктеу турнирі бөлімшенің солтүстігінде еңбек ететін командалар үшін нағыз шеберлік пен тактикалық тартыс алаңына айналды.

Турнирге қатысқан алты құрама: ПЧ-59, ТЧЭ-36, ТЭК, ДС Сексеуіл, ВЖДО және ВЧДЭ-6 командалары өз мекемелерінің намысын қорғай отырып, аутқа доп шығармай, дәл пас беріп, қарсылас команданың қорғанысын бұзуға бар күшін салды. Әр ойында допқа иелік ету мен шабуыл тактикасын тиімді қолдану, жылдамдық пен командалық үйлесімділік шешуші рөл атқарды. Тартысты өткен ойын жанкүйерлердің де делебесін қоздырып, бірде демдерін іштеріне тартып тына қалса, бірде алаңды бастарына көтеріп қиқуға басты.

Жеңіс тұғырына ең мықты команда шығатыны белгілі. Бұл жолы мұндай мәртебе жолшылардың үлесіне тиді. Финалдық ойында шабуыл мен қорғанысты ұтымды ұштастыра білген, тактикалық тұрғыдан дайындықтары жоғары Сексеуіл жол дистанциясының «ПЧ-59» командасы турнир жеңімпазы атанды. Қапқаны дәл көздеген соққылары мен жинақы қорғаныс тактикасы бұл команданы нағыз чемпион етіп жолшылардың бағы жанды.

Күміс жүлдені ширақ қимылдап, матч барысында бірнеше рет қауіпті шабуыл ұйымдастырған Әскерилендірілген теміржол күзетінің «ВЖДО» командасы еншіледі. Ал үшінші орын алаңда ұйымшыл ойын көрсетіп, қарқынды шабуылдармен ерекшеленген ТЭК командасына бұйырды.

Футбол командалық ойын болғанмен жекелей шеберлік танытқандар сөз жоқ, жеңіске жол ашты. Бұл орайда «Үздік ойыншы» атағына ие болған Сексеуіл локомотив пайдалану депосы командасының ойыншысы Ғарифулла Лямалифазизуллаұлы алаңда допты шебер



игеруімен, дәл пас берумен және тактикалық шеберлігімен көзге түсті. Оның ойын мәнері қарсыластары үшін нағыз «күтпеген тосынсыйға» айналды.

Турнирдің екінші күнінің доп дода-сы Қазалы станциясында жалғасын тапты. Тораптық станциядағы төрт құрама: ПЧ-60, ТД-23, ШЧ-40 және ВЖДО командалары алаңға шығып, тамаша ойын көрсетті. Футбол алаңы теміржолшылардың спортқа деген ықыласын тағы бір мәрте дәлелдегендей болды. Ойындар тартысты әрі қызықты өтті, командалар өзара мықты бәсекелестік көрсетті. Нәтижесінде, 1 орынды Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясы байланысшыларының «ШЧ-40» командасы жеңіп алды. 2 орынды Қазалы айналы депосы машинистерінің «ТД-23» командасы иеленсе, 3 орынға Қазалы жол дистанциясының жолшыларынан құралған «ПЧ-60» командасы шықты. Екінші күнгі турнирдің «Үздік ойыншы» номинациясына ВЖДО командасының ойыншысы Әли Жаңалық лайық болды. Оның ойын үлгісі мен командалық рухы барша жанкүйерлердің көңілінен шықты.

Екі станцияда өткен футбол турнирінде жеңіс тұғырына көтерілген барлық команда кәсіподақ ұйымы тарапынан марапатталып, бағалы сыйлықтар алды.

Сабырхан СЕЙЛЕБЕКҰЛЫ, *Сексеуіл-Қазалы Суретті түсірген автор*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Музудбаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Конаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі»
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе жазба басу үшін
редакцияның өңдеп беру рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаяева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаева 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.